

УДК 376

АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ БАҒДАРЛАУ САБАҚТАРЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ

Бисембаева Ж.К.,
старший преподаватель КГПИ
Нурова А.К.,
старший преподаватель КГПИ
Султанбекова Ж.Х.,
старший преподаватель КГПИ,
г. Костанай

Аннотация

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды, әсіресе, ақыл-ой кемістігі бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен-күнге көбейуде. Сол себептен қазіргі уақытта психофизикалық ауытқулары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу күрделі әлеуметтік-педагогикалық мәселе екені сөзсіз.

Аннотация

Одной из главных проблем в нашем государстве является адаптация умственно отсталых детей к социальной среде. В любом социуме, не смотря на уровень развития, есть трудности. Поэтому количество нуждающихся в социальной защите лиц, в особенности детей с ограниченными возможностями, постепенно идет к увеличению. В связи с этим обучение и воспитание детей с психофизиологическими отклонениями, адаптация их в социальную среду являются одной из социально-педагогических проблем.

Abstract

In our state One of the main problems is the adaptation of mentally retarded children to the social environment. There are difficulties In any society or social depending on the level of development. Therefore, particularly in need of social protection of persons with disabilities each time is to increase children. In this regard, the education of children with psycho-physiological abnormalities in their social environment adaptation and education is one of the socio-pedagogical problems.

Түйінді сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік-тұрмыстық бағдар, ақыл-ойы кемістігі бар балалар.

Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями, социальная адаптация, социально-бытовая ориентировка, умственно отсталые дети.

Keywords: children with disabilities, social adaptation, social orientation, mentally handicapped children.

Бүгінгі күні білім беру саласында ақыл-ой кемістігі бар балаларды әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыру міндеті алға қойылған. Осыған орай ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларының әлеуметтену үрдісі сәтті өтуі үшін, түзету мектептерінде әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау пәні енгізіліген.

Әлеуметтік бейімделу – ол жеке адам мен қоғамның қатысуымен болатын үзіліссіз қатынас үрдісі. Әлеуметтік бейімделу – мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік ортаға қо-

сылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі. Бейімделу үрдісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық жағдаяттар туындайды. Бір сөзбен айтқанда, бейімделу қиындығы пайда болады. Балалардағы дезкүйі оңай пайда болғанмен, бейімделу үрдістері ұзақ уақытқа созылады [1, 264 б.].

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың бейімделу қиындықтарын жеңілдету мақсатында түзету мектептерінде арнайы әлеуметтік-тұрмыстық бағдар пәні енгізілді. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау – ақыл-ой кемістігі бар балалардың кез келген өмірлік жағдайларда өзін-өзі ұстау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған түзету мектептерінің арнайы оқу пәні. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау пәні көмекші мектептерде 1986 жылы енгізіліп, 5 жылға негізделген (5-9 сынып аралығы). Басында сабақтың тақырыбы естімейтін және нашар еститін, көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлаудың сабағының тақырыбымен сәйкес келген.

Қазіргі уақытта арнайы мектепте әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабағы А.К. Рсалидинованың жаңа бағдарламасына сай өткізіледі. Жаңартылған бағдарламаның мақсаттары:

- 1) осы пән бойынша білім берудің мазмұнын қазіргі заманның талаптарына сай келтіру;
- 2) әртүрлі іс-әрекеттермен байланысты сараманды біліктерді қалыптастыру;
- 3) адамның ішкі өміріне, қаржы білімдеріне қатысты бағдарламада жаңа бөлімдердің мазмұнын дайындау.

Сонымен бірге әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау пәнінің мұғалімі «Тұрмыс және өзіне қызмет ету» бағытындағы білік, дағдыны балалардың меңгеруі маңызды екенін түсінуі қажет.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жылдам өзгеріп отыруына байланысты, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау пәнін оқыту мазмұны қазіргі заманғы қоғамдық құрылыстың талаптарына сәйкес құрылған. Бұл бағдарлама оқушылардың төменгі сыныптарында алған білімі мен тіл дамыту сабақтарында алған білімі мен икемділіктерінің деңгейін, жасы мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып құрылған бағдарлама Қазақстан Республикасында өмір сүретін ақыл-ойы дамымаған балалардың өздерін осы елдің азаматы ретінде сезінуге, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тұрмысы мен ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін білуге көмектеседі. Бағдарлама балалардың жалпы дамуы үшін қандай білім мен икемділіктерді қалыптастыру және тәжірибе жұмыстары мен жаттығуларды орындау арқылы қандай дағдыларды қалыптастыру қажеттілігі көрсетілген. Сондықтан әрбір оқушы өзінің зерде және мүмкіншіліктеріне қарамай, өзіне-өзі қызмет етудің дағдыларын, бос уақытын ұйымдастыра білу икемділіктерін меңгере білуі тиіс. Оқушылардың белсенділік қабілетін іс жүзіне асыру үшін, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау (ӘТБ) пәнінің мұғалімі балалардың оқуға деген қызығушылығы мен талабын үнемі қолдап отыруға міндетті. Сондықтан да сабақты оқытудың негізгі тәсілдері әңгіме түрінде, әр түрлі дидактикалық ойындар, тәжірибе жұмыстары (мекеме орындарына кітапханаға, мұражайға, поштаға, сауда үйлеріне экскурсия жасау) болып келеді.

Қазіргі заманда еңбек орнын табуға оқушыларға көмек көрсету үшін әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлаудың пәнінің мұғалімі балаларда келесі білік, дағдыларды қалаптастыру керек:

- 1) әңгімеге кірісу, әңгімені бастау, жалғастыру, сөйлеп тұрған адамның көңіл күйін түсіну;
- 2) қоршаған адамдардың оның сөзін түзегенін ойдағыдай қабылдап, дұрыс түсінуді, өзінің сөзін, жүріс – тұрысын бақылау;
- 3) көмек сұрау, біреуге көмек көрсету;
- 4) заңды бұзбау;
- 5) өзінің достығын, сүйіспеншілігін қолайлы түрде ұсыну.

Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарын өту барысында оқушылар өмірдің әр түрлі жағдайларына сәйкес тәжірибелік білім алады. Оқушылардың оқып үйрену кезеңінде

оқып білуге арналған материал оқудың әр жылына бөлім-бөліммен топталған. Әр бөлімде бірнеше тақырыптан келеді, әр тақырыпқа сағаттар бөлінген. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлаудантақырыптық материалды жоспарлағанда әрбір мұғалім өзінің тәсілімен сабақты өткізе алады, бірақ «қайталау» және «көрнекілік» бөлімдерін пайдалану міндетті түрде жүзеге асуы тиіс.

Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабағына қойылатын талаптар:

- сабақтың тақырыбы мен мақсаты айқын анықталу керек;
- барлық сабақ уақытында сабақтың мазмұны мен көлемі оқушылардың белсенділігін арттыру керек;
- теориялық сабақтардың формасы мен көлемі толыққанды ойластырылған болуы керек;
- оқу материалын рационалды бекіту әдісі – тәсілі (тәжірибелік жұмыстар, жаттығулар, дидактикалық ойындар) және де қайталау;
- оқушылардың қабылдауға және еңбекке белсенділігін қамтамасыз ететін әдіс – тәсілді қарастыру керек, сабақмазмұнының өмірмен байланысын анықтау;
- сабақта қолданылатын ұжымдық және жеке жұмыс формасының қатынасын ойластыру керек;
- сабақтың міндетті шарты түзету бағыты мен тәрбиелеу болып табылады;
- көрнекілік (арнайы дайындық пен бейімделуді талап етеді) [2, 125 б.].

Сабақтың тақырыбы бағдарламаға сәйкес анықталады. Сабақтың мақсатын анықтағанда оқушылардың осы тақырыпты меңгергенде алатын білімін ойластыру керек. Сабақтың мазмұнын анықтағанда, оны өткізу әдісі - тәсілін таңдарда мұғалім «тәжірибелік жұмыс, экскурсия» бағдарламасының бөліміне назар аударады.

Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабағы әдейі дайындалған кабинетте немесе бөлмеде өтуі қажет. Кабинет ішінде шынайы заттармен қамтамасыз ету (телефон аппараты, сағат, жарық түсіру құралы, шаңсорғыш, тоқ плита, тоңазытқыш, теледидар, магнитофон т.б, бұл техниканың бәрімен бағдарлама бойынша танысу қарастырылған, олармен жұмыс істеу, қолдану, күту, тазалауды тек сараманды – тәжірибелі жұмыс барысында ғана меңгереді) және ойыншықтар, суреттер, мысалы «Дүкен», «Пошта», әртүрлі кестелер, сызбалар кеңінен қолданылады. Бұл заттармен жұмыс жүргізу балаларға есте сақтау қабілеттерінің нақтылап, зейіндері мен қызығушылықтарын арттыра отырып оқытады. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабағында дәптерлер, альбомдар, оларға тәрбиеленушілер өздерінің мекен-жайларын, телефон нөмірлерін шұғыл нөмірлерді, әртүрлі тағамдардың аттары мен бағаларын тіркеп жазуға қолданылады. Бұдан басқа әртүрлі көліктердің, жол жүру ережесі, әртүрлі мамандықтар бойынша салынған адамның суреттері немесе фотобейнесі болады. Сондай-ақ ӘТБ пәнін оқыту мазмұны шынайы өмір, шынайы тұрмыс, шынайы әлеумет сынды болуы қажет. Кабинет жабдықтары «қатып қалмай» уақыт талабына сай өзгеріп отыру тиіс. Пән оқушыларға заманауи жағдай жасау тұрмысын қалыптастырып қана қоймай, оның еңбек әрекеті талабында жағдай жасау қажет [3, 28 б.].

ӘТБ кабинеті әртүрлі жабдықталу нұсқаулығына, яғни оның орналасу аймақтарына тәуелділігі «оқу», «ас үй», «санитарлық-гигиеналық» бөлме үлгілері сияқты болу керек.

Білім алу орнының жабдықталуы, аймақтары бір бөлмеде немесе бірнеше көршілес бөлмелерде орналасу мүмкін. Білім алуға арналған аймақтар басқа жерде орналасады (жатын бөлме, медициналық кабинет, дәретхана).

I аймақ. «Оқу бөлмесі» оқушылардың практикалық жұмыстарына арналған үстелдер мен орындықтар; сынып тақтасы, сөздік жұмыс жинақтары, иллюстрациялық материалдар жинағы.

II аймақ. «Ас үй» жабдықтары ыдыс жуатын орын, азық-түлік орындары, электрлік газ, плиталар, тоңазытқыш, ас үй жиһаздары (жұмыс үстелі, сөрелер, тартпалар т.с.с). Плита және жуу техникалық жабдықтар қауіпсіздік шараларымен орналасқан жөн. Плитаны, шаңсорғышты алыс, жуғыш орындарды ыдыс сөрелеріне жақын орындарға орналастырған

дұрыс. Тоңазытқыштың мұзды камерасына ұзақ сақтауға тиісті заттар азық-түлік сақталады. Ас үй бөлігі басқа бөліктерден бөлек құрған дұрыс, оқушылар ас әзірлеген кезде басқа жұмыс үстелін пайдалану мүмкін. Басқа орындарға ыдыс-аяқ, ас үй жабдықтары, электр жабдықтары, жуылған таза ыдыстарды пайдалану мүмкін.

III аймақ. «Санитарлық-гигиеналық» үрдістерге арналған бөлік. Мұнда жуыну құралдары, монша элементтері, бас жуатын орын орналасуы қажет. Сондай-ақ жуынуға арналған заттар (сабын, сусабын, ысқыш, орамалдар, сүлгілер) орналасады. Барлық су құбырлар тиісті жүйесімен жалғанады, оқу мақсатында сантехникалық жабдықтар қолданылады. Санитарлық аймақта әр типтегі кір жуғыш машина, шкаф, құрал-жабдықтар қоятын және жуғыш кілемдерге арналған құралдар болуы тиіс. Сонымен қатар, электрлік үтік және киім үтіктейтін тақта болуы тиіс.

IV аймақ. «Тұрғын бөлме» – заманауи жиһаздар мен радио-теле аппаратуралар, кілем немесе кілемшелердің жабдықтары. «Қонақтарды қабылдау» тақырыбы осы аймақта өтеді [4, 36 б.].

Әрбір оқушы, өзінің интеллектуалды мүмкіндігіне қарамастан өзін-өзі күтудің негізгі дағдыларын меңгеруі міндет, сонымен қатар өзінің тұрмысын, бос уақытын ұйымдастыруды үйрену керек. Белсендік пен сана-сезім негізін арттыру үшін, ӘТБ пәнінің мұғалімі балалардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын қалыптастыру қажет. Осымен байланысты ӘТБ сабағында әңгімелеу, әңгімелесу, дидактикалық ойындар, тәжірибелік жұмыстар, экскурсия, мәселе туғызатын жағдайлар орын алу керек.

Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарында білім, тәртіп тәжірибесі, өмір сүру тәсілінде тәжірибелік әрекеті негізгі рөл атқарады, сонымен бірге дидактикалық ойындар қосылады (мысалы, әртүрлі жағдайларда қуыршақпен ойнау кезінде бір-бірімен қарым-қатынас мәдениетін бекіте түседі). Тәжірибелік жұмыс кезінде өзіндік жұмыс, тұрмыстық еңбек, мектеп алды алаңындағы жұмыс үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлаудың курсына психикалық бейімделу және тренингтер қарастырылады.

Сабақ барысында дидактикалық ойындар кеңінен қолданылып, әртүрлі қиындықтарды тез меңгеруге көмектеседі. Ойын жаттығу кезінде жоспарға сүйене отырып, сұрақты көп қоймау керек. Оқушылар бір-бірінің айтқан жауаптарына үлкен жауапкершілікпен қараған жөн. Мұғалім алдын ала сұрақтарды тапсырмаларды, жаттығуларды, сұрыптап дайындап жауаптарында жазып алады. Сонда ғана тәрбиелік-оқыту мақсаттары жүзеге асады. Ойын түрін сабақ барысында немесе ортасында енгізген жөн. Ойындарды, көбінесе, сабақ соңында қолданған дұрыс, себебі оқушының есте сақтау қабілеттерін қадағалап бекіту керек. Ойын барысында оқушылар бір-бірімен диалогтар арқылы қарым-қатынас жасайды, яғни дұрыс сұрақ қоюды, дұрыс жауап беруді, білмей, немесе түсінбей тұрған жағдайда көмек сұрау-көрсетуді үйренеді. Ойынды жоспарлағанда, мұғалімнің бағдарламасы «тақырыптың» және «оқушылардың біліміне қойылатын негізгі талаптар» бөлімдеріне бағытталады және пәнге қойылған жалпы тапсырмалармен қоса әрбір сабаққа қойылатын тапсырмаларды басшылыққа алады.

Оқушыларды әлеуметтік-тұрмыстық бағдарға оқыту күнделікті тәрбиелік жұмысына қосылуы тиісті және оқушылардың барлық өмір кезеңдеріне енгізілуі маңызды. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабағының барысында оқушылардың күнделікті өмірінде өзіне-өзі қызмет ету, жеке гигиена, сынып жинау, асханада кезекшілік ететін дағдылардың қалыптасуы мен жаттығуы өтеді. Сонымен қатар балалардың білімдері тек қана интернат қабырғаларында көретінмен ғана шектелмеуі керек. Әлеуметтік-тұрмыс бағдарлау жұмыстарын ұйымдастырғанда және өткізгенде келесіні ескеру керек:

- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға тиісті жұмыс тәртіптік және жүйелік түрде, ең қарапайым істерден бастай және жеке гигиена сияқты күрделі іскерліктермен аяқтауды (әртүрлі мекемелерде және көлікте дұрыс мінез-құлықты көрсету, заттың құнын біліп және оны сатып алу, үстелді тамақтануға дұрыс дайындау) жүзеге асу керек;

- білім мен іскерлікті қалыптастыра отырып, оқушыларды алға жылжыту қажет, олардың даму аймағына сүйене отырып, бірте-бірте күрделенген мақсатты қою керек. Бұл жерде балалардың дара ерекшеліктері еске алынуықажет.

- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға қатысты жұмыстар тәжірибелік бағытта жүру керек. Мұндай жағдайда практикалық қызмет түрлерінің әр түрлі болуы қажетті;

- мұғалім мен тәрбиеші өзара байланыста тұрақты түрде жұмыс жасаулары қажет, балалардың мінез-құлықтарына және олардың әртүрлі тапсырмаларды орындауына бірыңғай талаптар қою маңызды.

Әдебиет тізімі

1 Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. – Арнайы психология: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 264 б.

2 Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2012. – 125-127 б.

3 Асанова Г. Зиятында ауытқуы бар балаларға әлеуметтік-мәдени көмек көрсету тәжірибесі // Дефектология республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық журнал №3 (33) наурыз // – 2013. – 28-30 б.

4 Воронкова В.В., Казакова С.А. Социально-бытовая ориентировка учащихся 5-9 классов в специальной (коррекционной) общеобразовательной школе VIII вида: пособие для учителя: гуманитар. – Москва: ВЛАДОС, 2010. – 36 с.

УДК 249

ОСОБЕННОСТИ СЕМЕЙНОГО, СОЦИАЛЬНОГО, РЕЛИГИОЗНОГО ВОСПИТАНИЯ: ОБЩЕЕ И РАЗЛИЧНОЕ

Грудунс К.Я.,

зам. директора по НМР,

ШЛ №1, г. Костанай, Казахстан

Ярочкина Е.В.,

зав.кафедрой ВИиОД

к.и.н., доцент КГПИ

Аннотация

Мақалада ерекшеліктері отбасылық, әлеуметтік, діни тәрбие. Ұсынылған мақалада авторлар қарады заңдылықтары ұқсастықтар мен айырмашылықтар олардың арасында. Авторлар деген қорытындыға келді тәрбиелеу процесі-өте көп қырлы және күрделі, бұл ескеру маңызды тәрбиелеу кезінде баланың баулуға арналған, оған белгілі бір білім мен дағдыларды.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности семейного, социального и религиозного воспитания. В представленной статье авторы анализируют закономерности сходств и различий между ними. Авторы пришли к выводу, что процесс воспитания очень многосторонний и сложный и это важно учитывать при воспитании ребенка и привитии ему определенных знаний и навыков.

Abstract

The features of domestic, social, religious education are examined in the article. In the presented article authors considered conformities to law of likenesses and distinctions between them. Authors came to the conclusion that the process of education is very multilateral and difficult and this is important to take into account at education of child and to give to him certain knowledge and skills.